

# ULY DALA MURASY

QOLJAZBALAR JÁNE SIREK KITAPTAR ULTTYQ ORTALYGY



ISBN 2221-8521

GYLYMI-KÓPSHILIK

JÝRNAL

II/2019





## **ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АРАБ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДІҢ АЯСЫНДА**



**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы**  
*ҚР ҰҒА академигі, арабтанушы*

**Көмекова Райхан Болатқызы**  
*арабтанушы*

**Автордың ғылыми мақаласында көрнекті тарихшы ғалымдардың араб тілінде жазылған классикалық тарихи шығармаларындағы Қазақстан халықтары туралы ерте ортағасырлық құнды деректер кеңінен баяндалады және орта ғасырлардағы араб тарихнамасында Қазақстан аймағының ерекше орын алғандығы айтылады.**


**Түйін сөздер: ерте ортағасырлық деректер, Қазақстан туралы жазбалар, классикалық тарихи шығарма, Египет тарихшылары, араб тарихшылары, Сирия тарихшылары.**

Араб тіліндегі тарихи-географиялық әдебиет Араб халифаты заманында арабтардың шығысты жаулап алып, мұсылман синкретикалық мәдениеті мен ислам дінін таратып, мұсылман дүниесінен шалғайдағы кейбір аймақтармен сауда қатынасын дамытуының нәтижесінде көрші және алыс елдерден жан-жақты мәліметтер жиналды. Орта ғасырлардағы араб тарихнамасында Қазақстан аймағының ерекше орын алуын біріншіден, арабтардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлеріне билігін нығайтуымен, екіншіден, қазақ даласын мекендеген көшпелі жауынгер тайпалардың шабуылынан сақтануға тырысқан әрекеттерімен, үшіншіден, ислам дінін Қазақстан өлкесіне таратуымен байланыстыруға болады. Нәтижесінде,

араб тіліндегі Қазақстан туралы жазбалар VIII-XV ғасырлардағы Қазақстан жерін мекендеген халықтар мен тайпалардың тарихын сипаттайтын құнды деректер болып табылады.

Қазақстан халықтары туралы ерте ортағасырлық деректер араб тіліндегі классикалық тарихи шығармалардан белгілі. IX ғасырда өмір сүрген әл-Белазуридің «Китаб футух әл-бұлдан» («Жорық кітабы»), әт-Табаридің «Тарих әр-русул уә-л-мулук» («Пайғамбарлар мен патшалар тарихы») атты шығармаларында VII-VIII ғасырлардағы арабтардың Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның кейбір аймақтарына жасаған жорықтары айтылады. Әт-Табаридің замандасы, бағдаттық әл-Жаһиздің (IX ғ.) «Манақиб әл-атрак» («Түркілердің лайықты

қасиеттері») кітабында Қазақстандағы көшпелі түркі тайпаларының жан-жақты сипаты жөнінде тұңғыш мәліметтер берілген, Аббас әулеті халифтары ұландарының қатарындағы түрік сарбаздары жайлы, араб қалалары тұрғындарын таңдандыратын түркілердің жауынгерлігі, олардың әдет-ғұрпы туралы баяндалған. Тамим ибн Бахр IX ғасырдың 1-жартысында Ертіс бойындағы (Солтүстік Шығыс Қазақстан) кимектер елі арқылы тоғызтоғыз қағанының астанасын басып өтіп, Шығыс Түркістанға саяхат жасады. Тамим ибн Бахр кимектердің мекенжайы, шаруашылығы жайында мәлімет бере отырып, Тараз қаласынан кимек патшасының сарайына дейінгі көрген-білгені жайлы әңгімелейді. Қазақстан жерін мекендеген тайпалар туралы деректер IX ғасырдағы араб тілінде жазылған географиялық шығармаларында да ұшырасады. Мұндай ерте кезден сақталған еңбекке почта мен тыңшы қызметінің бастығы Ибн Хордадбехтің «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап») атты әкімшілік географиялық анықтама еңбегі жатады. Онда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды басып өтетін Ұлы Жібек жолы, оның бойындағы қалалар мен қоныстар жайлы айтылып,



түрлі елді мекендердің ара қашықтығы көрсетілген. Ибн Хордадбех, көбінесе, халифаттың ерте кездегі байланыс қызметі мұрағатына сүйенген. Тарихшы-географ әл-Йакубидің (IX ғ.) «Китаб әл-бұлдан» («Елдер кітабы») атты географиялық шығармасында Қазақстан түркілері жайындағы тарихи-этнографиялық кең ауқымды материал қамтылған. Бұл еңбекте түркілер туралы деректер анағұрлым нақты берілген. Әсіресе, оғыз, қарлұқ, кимек, қырғыз, тоғызтоғыз тайпаларының бірлестіктері туралы мәліметтері аса маңызды.

Араб географы, филолог Құдама ибн Жафар (X ғ.) «Китаб әл-хараж уә сан'ат әл-китаба» («Салық және хатшылық өнер жайлы кітап») деген ресми құжаттар мол пайдаланылған географиялық-әкімшілік шығармасында халифаттың әкімшілік бөліктері, ірі қалалары, таулары, өзен-көлдері және жеті ықылым (аймақ) туралы деректер береді. Мұнда аймақтардағы жол қатынасы, жер жағдайы, алым-салық мәселесі туралы айтылады. Шығармада көршілес мұсылман елдері жөнінде мағлұмат беріліп, онда қарлұқ, кимек, оғыз тайпалары, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу шебіндегі жол қатынас, қалалар мен елді мекендер, олардың ара қашықтығы жөнінде нақты мәліметтер жинақталған.

Араб географы Ибн әл-Факих (IX ғасырдың соңы-X ғасырдың басы) «Китаб ахбар әл-бұлдан» («Елдер туралы әңгіме кітабы», 903ж.) атты тарихи шығармасында, көбінесе өзіне дейінгі авторлардың (әл-Жаһиз, Ибн Хордадбех, әл-Жейхани) мәліметтеріне сүйенеді. Шығармада Азия мен Батыс Еуропа елдері туралы тарихи-



географиялық материалдар мол. Түркі тайпалары (қарлұқ, кимек, қыпшақ, оғыз, тоғызғоғыз және т.б) жайлы, олардың орналасуы, шаруашылық және мәдени өмірі, елдер, қалалар, сауда жолдары туралы деректер аса құнды. Ибн әл-Факихпен бір мезгілде Ибн Русте (Хғ.) көп томдық энциклопедиялық шығарма жазды. Бұл еңбектің аймақтардың тарихи-географиялық сипаттамасы жазылған бір ғана томы сақталған. Ибн Рустенің түрлі саяхатшылар мен географтардың шығармалары негізінде түркі тілдес тайпалар туралы жазған «Китаб әл-алак ән-нафиса» («Қымбат алқа туралы кітап») атты еңбегінің түркі халықтары тарихы үшін үлкен маңызы бар. Х ғасыр араб география әдебиетінің кемелденген кезі болып табылады. Бұл дәуірдегі арабтың көрнекті географ-саяхатшысы ирандық әл-Истахридің (Хғ.) «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы

кітап») атты еңбегі әл-Балхидің бізге жетпеген география шығармасының өңделген және толықтырылған нұсқасы болып табылады. Кітапта Парсы теңізі, Мағриб, Египет, Сирия, Рум (Анадола), Ирак, Үндістан, Хазар теңізі, Армения мен Әзірбайжан, Хорасан мен Мауераннахрға географиялық сипаттама берілген. Бұл елдердің әрқайсысының шекарасы, қалалары, бір-бірінен қашықтығы, қатынас жолдары туралы дерек келтіріліп, азық-түлік, сауда-саттық, қолөнері жөнінде егжей-тегжейлі жазылады. Сонымен қатар, шығармада Шығыс Еуропа жайында, соның ішінде хазар, бұртас, бұлғарлар жайында, бүгінгі Қазақстан жерін мекендеген түркі тайпалары: оғыздар, кимектер, қарлұқтар туралы маңызды мәліметтер бар. Түркі тайпаларының орналасқан жерлері белгіленген – «Сурат әл-әләм» (Дүние жүзінің картасы) берілген әл-Истахридің еңбегін Х ғасырдың





сонында Ибн Хауқал толықтырып, «Китаб әл-масалик уә-л-мамалик» («Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап») деп, сонымен бірге, («китаб сурат әл-ард») деп те атады. Оның жазбасына қарағанда әл-Истахри мен Ибн Хауқал еңбектерінің маңызды бөлігі «Сурат әл-ард» («Жер беті») деп аталатын географиялық карта болып табылады. X ғасырда Қазақстан жері арқылы араб саяхатшысы Ибн Фадлан мен Әбу Дулаф сапар шеккен. Ибн Фадланның «Рисала» («Естелік») еңбегінде Араб халифатының астанасы – Бағдаттан Еділ бұлғарларына барған елшіліктің сапары баяндалған. Елшіліктің мақсаты хазарларға қарсы араб-бұлғар одағын құру, әрі бұлғарлар арасына ислам дінін орнықтыра түсу еді. Елшілік Бағдаттан 921 ж. маусымда шығып, 922 ж. мамыр айында бұлғарларға жетеді. Бұлғарға Хамадан, Рей, Нишапур, Мерв, Бұхара, одан Хорезм, Үстірт, Жайық арқылы Еділ бойына келді. Мұнда бұлғарлар мен орыстардың әлеуметтік және рухани өмірінен, Қазақстанның бүгінгі батыс өлкесін мекен еткен көшпелі түркі тайпалары: әсіресе, оғыздардың мемлекеттік жүйесінің, әскери құрылысының, шаруашылық, әдет-ғұрыптық, діни көзқарастық, тарихи географиялық жағдайынан маңызды деректер келтірілген, сонымен бірге пешенек пен башқұртты сипаттайды. Абу Дулаф 942 ж. Қытай мен Үндістанға жасаған саяхаты жайындағы сапарнамасын 2 «Рисалаға» («Естелікке») жинақтады. Бірінші естелігінде оғыздардың, кимектердің, қарлұқтар мен жікілдердің шаруашылығы, діні мен тұрмыс жағдайы туралы деректер берілген. Естелікте автор көргенінен гөрі естігенін

көп әңгімелейді. Бағдат қаласында туған араб тарихшысы әрі географы әл-Масудидің (X ғ.) шығармасы құнды тарихи деректеме болып табылады. Ол Үндістаннан Атлант мұхитына дейінгі, Қызыл теңізден Каспий теңізіне дейінгі аралықтағы елдерге саяхат жасап, ондағы түрлі қауым өкілдерімен араласып, дидарласу арқылы дүниетанымын кеңейтті. «Ахбар әз-заман» («Дәуір тарихы») атты 30 томдық тарихи-географиялық энциклопедиядан қысқа ғана үзінділер сақталған. Оның тарихи шығармаларынан «Муруж әз-захаб уә мадин әл-жауахир» («Алтын шайқайтын және жарқырауық тастар алынатын кен орны») атты еңбегі ықшамдалған, ал «Китаб әт-танбих уә-л-ишраф» («Ғибрат және қайыра қарастыру кітабы») атты географиялық шығармасы толық күйінде жетті. Әл-Масудидің еңбектерінде түркі тайпалары кимектер, оғыздар, қарлұқтар, барсхандар, тоғыз оғыздар, хазарлар туралы құнды тарихи-этнографиялық деректер және ерте ортағасырлардағы Қазақстанның тарихи географиясы жайында бағалы мәліметтер берілген. Сонымен қатар, Батыс Қазақстандағы IX ғасырдың 2-жартысындағы тарихи оқиғаларға қысқаша тоқталады. Әл-Макдиси (X ғ.) шығармаларының ішінде оның өзі куә болған оқиғаларға негізделген тарихи-географиялық еңбегі маңызды орын алады. «Ахсан ат-тақасим фи марифат әл-ақалим» (986 ж.) («Аймақтар жөнінде мағұлмат беретін таңдауды тарау») атты шығармасы елдер мен аймақтарды араб әдебиетінде толық та, жүйелі түрде сипаттайтын еңбек. Онда Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан,

ондағы халықтардың тайпалық құрамы, қалалары мен елді мекендері, сауда жолдары, сауда-саттық заттары, шаруашылығы мен діни көзқарастары, тілі, әдет-ғұрпы жайында маңызды деректер келтірілген. Қазақстанның түркі тілдес тайпалары туралы мағлұмат араб-испан географы Исхак ибн әл-Хұсайынның (XIғ.) «Китаб ақам әл-маржан фи зикр әл-мадаин әл-машһур фи кулл макан» («Дүние жүзінің әйгілі қалаларын сипаттайтын маржан қазынасы») деп аталатын Андалусияда жазылған еңбегінде берілген. Оның түркілер жайындағы деректемелері Гардизи (XIғ.), әл-Бируни (XIғ.) және әл-Маруазидің (XIIғ.) анықтамаларына сәйкес келеді. Кітапта түркі халықтары, әсіресе, кимектер жайлы этнографиялық және тарихи-географиялық маңызды мағлұматтар бар.

Қазақстанның орта ғасырдағы бағалы деректемесі ретінде әл-Маруазидің (XIIғ.) «Табаи әл-

хайуан» («Жануарлардың табиғи қасиеттері») шығармасын атауға болады. Әл-Маруази салжүк әулетіне жататын Мәлік шаһ (1072-92) пен оның мұрагерлері тұсында (Санжар билігіне (1118-57) дейін) сарай дәрігері болған. Оның шығармасында бірқатар деректемелерге, соның ішінде, әл-Жейханидің (IXғ.) еңбегіне сілтеме жасалды. Онда түркі халықтары туралы соны этнографиялық деректер бар. Әсіресе, IX ғасырдың басында кимек, қыпшақ оғыз тайпаларының қоныстануына едәуір ықпал еткен халықтардың қоныс аударуы туралы бағалы мәлімет араб ғалымы әл-Идрисидің (XIIғ.) «Нұзхат әл-мұштак фи-ихтирак әл-афак» («Аймақтарға сапар шегіп, шаршап-шалдыққан жанның ермегі») атты ірі географиялық еңбегінде көрсетілген. Әл-Идриси Сеутада туып, Кордовада оқыған. Жас кезінен көп саяхат жасап, Лиссабонда, Англияда, Францияда, Мароккода, Кіші Азияда болған. Автор





географиялық шығармасын Сицилия королі Роджер 2-ге (1098-1154) арнаған. Онда Еуропа, Кавказ, Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтар туралы этнографиялық және тарихи-географиялық сипатта жазылған маңызды деректер келтірілген. Орта ғасырдағы Қазақстан жерін мекендеген кимек, қыпшақ, құман, оғыз, қарлұқ, түргеш, азкеш сияқты түркі тайпаларының орналасуы, шаруашылығы, қалалары, сауда-қатынас жолдары, қолөнері туралы сөз болады. Автордың кейбір мәліметтері бізге жетпеген жазба деректерден алынған. Солардың ішінде Шығыс Қазақстан даласынан шыққан, кимек ханзадасы Жанах ибн Хақан әл-Кимекидің (X-XI ғасырлар) шығармасы бар. Әл-Идриси еңбегіндегі «Сурат әл-ард» («Жер беті») атты географиялық картада кеңінен көрсетілген географиялық және экономикалық

объектілер шығарманың деректемелік құнын арттыра түседі. XIII ғасырдан бастап араб тілінде жазған ортағасырлық авторлар өз заманында өтіп жатқан оқиғалардан гөрі, өткен дәуірдегі тарихшы-географтардың еңбектерінен үзінділер келтіре жазуды мақсат ете отырып, біздерге жетпеген бірқатар шығармалардан бағалы деректер келтіреді. Әл-Идрисидің ізін қуушы араб географы Ибн Саидтың (XIII ғ.) «Жеті аймақ» туралы шығармасы өзіне дейінгі деректемелерге сүйене жазылғанымен, Қазақстан мен Еділ бойының, Орта Азияның XIII ғасырдың ортасына дейінгі тарихын, географиясын зерттеуде өз орны бар. Осы тектес деректемеге тарихшы-географ Закария әл-Қазуинидің де (XIII ғ.) еңбектері жатады. Ол бірімен-бірі сабақтас 2 тарихи-географиялық шығармасымен танымал. Оның алғашқысы «Аджаибәл-





махлұқат» («Жаратылыс ғажаптары»), екіншісі «Асар әл-билад» («Қалалар ескерткіші») деп аталады. Бұл туындыларда түрлі аспан шырақтары, жердің жеті белдеуі (ықылым), мұхиттар, өзен-көлдер, жан-жануарлар дүниесі туралы мәліметтер, IX-X ғасырларда бүгінгі Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес оғыз, қарлұқ, жікіл, кимек тайпалары жөнінде тарихи-этнографиялық деректер топтастырылған.

Сириялық әд-Димашки «Нұхбат әд-дахр фи аджаиб әл-барр уә-л-бахр» («Құрлық пен теңіз таңғажайыптары жөнінде баяндайтын мерзімнен іріктеу») атты космографиялық үлкен еңбектің авторы. Оның шығармасы, көбінесе, араб авторларының IX-XI ғасырлардағы дәстүрлі шығармаларына негізделе жазылған. Дегенмен, түркі халықтары жөнінде, олардың орналасу жағдайы туралы тарихи-этнографиялық мағлұматтар берілген. Әсіресе, автордың қыпшақтардың этникалық құрамы жайындағы мәліметі құнды дерек болып табылады. Сирия ғалымы Йақұттың (XIII ғ.) «Муджам әл-бұлдан» («Елдердің тізімі») атты географиялық анықтамасында моңғол басқыншылығы, моңғол әскерлерінің қыпшақ, алан, бұлғар және Сақсин жерін басып өткендігі жайлы айтылады. Йақұттың замандасы әрі жақын танысы Ибн әл-Асир (XI-III ғ.) Арабстан, Сирия, Палестинаға саяхат жасады. 1188ж. Салах әд-Диннің крест тағушыларға қарсы жорығына қатысты. Оның қаламынан бірқатар тарихи-библиографиялық еңбектер және «әл-Кәмил фи-т-тарих» («Тарихтың толық жазбасы») атты ауқымды тарихи жылнама жарық көрді.

Бұл шығармада моңғол жорығына дейінгі мұсылман дүниесінің тарихы баяндалады. Автор біздің дәуірімізге жетпеген құнды деректемелерді пайдаланған. Мұсылман әулеттері мен оған көрші орналасқан мемлекеттердің (Араб халифаты, Самани, Қарахан, Хорезмшах әулеттері, қарақытайлар, т.б.) саяси тарихы егжей-тегжейлі жазылған. Ежелгі түркілерге, қарлұқ, оғыз, қыпшақтарға қатысты саяси, этникалық, этнографиялық және мәдени сипаттағы мағлұматтардың маңызы зор. Ибн әл-Асирдің 1232 жылға дейінгі саяси оқиғаларды қамтитын тарихи еңбегінде Шыңғыс хан шапқыншылығы, оның зардаптары баяндалған. Ибн әл-Асирдің замандасы хорасандық тарихшы Хорезмнің соңғы шаһы Жәлел әд-Диннің сарай хатшысы және өмірбаяншысы ән-Несауидтің «Сират ас-сұлтан Жәлел әд-дин Манкбурни сұлтанның өмірі туралы») атты еңбегінде түркі тайпаларымен соның ішінде қыпшақтармен тығыз байланыс жасаған Хорезмнің ішкі, сыртқы саясаты, Шыңғыс хан шапқыншылығы жайында құнды деректер келтіріледі. Шығармада Хорезм мен қыпшақ даласының достық қатынасы да, қарулы қақтығысы да баяндалады, қыпшақ қоғамының ішкі құрылысы, оның шаруашылығы, тұрмыс-жағдайы жайында мәліметтер бар. XIV-XV ғасырларда мәмлүк (қыпшақ) әулеті билеген Египеттің Алтын Ордамен қарым-қатынасы жайында бірқатар тарихи шығармалар жазылды. Түркі әулеті мен халықтары, елдері туралы тарихи географиялық құнды деректері бар әкімшілік істерге қажетті энциклопедиялар жарық көрді. XIII ғасырда Египетте қыпшақтан



шыққан әз-Захир Рукнәд-дин Бейбарыс сұлтанның (1260-77) өмірбаянына арналған тарихи еңбек жазылды. Шығарманың авторы – сұлтанның хатшысы Абд әз-Захир. Шығармада Алтын Ордамен қарым-қатынас, Қырымнан Еділге (Итилге) дейінгі жолдар сипаттамасы, сол кезде Дешті Қыпшақ тайпаларымен араласып кеткен Қырым тұрғындарының тайпалық құрамы жөнінде этнографиялық мәліметтер беріліп, Алтын Ордадағы діни және саяси жағдайлар туралы айтылады.

Көрнекті тарихшы ән-Нувейридін (XIV ғ.) «Нихаят әл-араб фи фунун әл-адаб» («Араб пәндеріне қатысты тілек шегі») атты энциклопедиялық еңбегі 5 бөлімнен құралған. Тарихқа арналған соңғы бөлімі кітаптың жартысына жуық көлемін қамтиды. Автор түркі халықтары туралы тарихи-этнографиялық деректер

келтіріп, «Қыпшақ еліне» қысқаша шолу жасайды, тайпаларының саны, ру тартысы жөнінде баяндайды. Өмірінің ұзақ жылдарын Мысырда (Египетте) өткізіп, ән-Насыр сұлтан (1347-51) тұсында мемлекеттік хатшы міндетін атқарған дамаскілік әл-Омаридің «Масалик әл-әбсар фи-мамалик әл-әмсар» («Қалалар иеліктеріне көз жіберу жолдары») атты энциклопедиясының жеке томдарында өзі білетін барлық мемлекеттер жайлы жазылған. Мұнда Шыңғыс хан шапқыншылығының Орта Азия мен Еділ бойына, Кавказға тигізген әсері, Дешті Қыпшақ жеріндегі қалалар мен сауда жолдары, қыпшақтардың орналасуы мен әдет-ғұрыптары туралы әңгімелейді. Саяхатшы Ибн Баттутаның (XIV ғ.) еңбектері де осы дәуірге сай келеді. Ол Танжер (Мағриб) қаласында туып, сонда білім алып, қазылық қызмет атқарған. 25





жыл (1325-49) саяхатта болып, 150 мың шақырымнан аса жол жүрген, «Тухфатән-нузар фи ғараиб әл-әмсар уә аджаиб әл-асфар» («Қалалардың таңқаларлық ғажайыптары мен саяхат тамашасына тамсанушыларға тарту») атты кітабында өзінің сапарлары жайында баяндайды. Түркі халықтарының тарихы үшін Алтын Орданың құрамындағы Қырымнан Еділ бойына дейін созылып жатқан Оңтүстік Орыс даласы туралы жазғандары бағалы мәлімет болып табылады. Астраханнан шыққан Ибн Баттута Константинопольге соғып, одан Алтын Ордаға қайта оралып, Сарайдағы хан ордасында болады, Еділден өтіп Үстіртке, одан Хорезм, Бұхара, Ауғанстанға сапар шегеді. Еңбекте Қазақстан жері, қазіргі Ресейдің оңтүстігін мекендеген ортағасырлық қыпшақтардың шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті жайында өте бағалы дерек келтірген.

XIV-XV ғасырдың басында арабтың көрнекті тарихшыларының бірі Ибн Халдун өмір сүрген. Ол Тунисте ауқатты отбасында туған. 1382 ж. Египетке қоныс аударды. XIV ғасырдың басында Сирияда болып, соңғы жылдарын Каирде өткізді. «Китаб әл-ибар...» («Ғибрат пен тәлімдік тәрбие кітабы») деп аталатын еңбегі 3 кітаптан құралған. Оның 1-ші кітабының 1-бөлімінде немесе «Мұқаддимада» (Кіріспе) өзінің әлеуметтік, философиялық және саяси-экономикалық көзқарастары, қоғам мен мемлекеттің дамуын, адамдардың мәдени және шаруашылық өмірін

қамти отырып, адамзат мәдениетіне қатысты пікірлері жазылды. 1-ші кітап ежелгі халықтардың тарихы мен автор заманындағы шығыс мұсылман мемлекеттері, оның ішінде Қарахан, Салжүк, Хорезмшах, Мәмлүк мемлекеттері, Таяу Шығыс пен Орта Азияда билік жүргізген Шыңғыс хан әулеттерінің тарихын қамтиды. Ибн Халдунның еңбегінде түркі тайпаларының (оғыз, кимек, қыпшақ) ерте ортағасырдағы тарихы жөнінде деректер мол.

Египет тарихшыларының ішіндегі көрнектілері: Ибн әл-Фурат (XIV ғ.), әл-Қалқашанди (XIV-XV ғасырдың басы), әл-Мақризиди (XIV-XV ғасырдың басы), Ибн Тагриберди (Тәңірберді) (XV ғ.). Бұлардың еңбегінде Алтын Орда мен Египеттің қарым-қатынасы, түркі халықтары, әсіресе, қыпшақтар жөнінде қызықты деректер бар. Египет тарихшыларының ішінде Ибн Арабшаһтың (XV ғ.) деректері ерекше құнды. Дамаскіде туған, бірақ бала кезінде тұтқындалып, Самарқанға әкелінген ол Хорезм, Астрахан, Сарай, Қырым, Түркістанда болып, Дамаскіге қайтып оралды. Кейін Каирге қоныс аударып, қалған өмірін сонда өткізеді. Ибн Арабшаһтың «Аджаиб әл-мақдур фи нәуаиб ахбар Тимур» («Темірдің тағдырын шешкен ғажайыптар») атты тарихи шығармасында Әмір Темірдің жорықтары, Алтын Орданың саяси тарихы және тарихи география жағдайы, Оңтүстік және Батыс Қазақстан жайында мәліметтер берілген.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, Т. 1. - СПб, 1854;



2. Крачковский И. Ю. Арабская географическая литература, Избр. соч. Т. 4. - М.-Л., 1957;
3. Brockelmann C. Geschichte der arabischen Litteratur, B. 1. - Weimar, 1898; Арабская литература. Классический период. - М., 1960;
4. Кумеков Б. Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VI-II-XIV вв. - Алма-Ата, 1987;
5. Кумеков Б. Е., Кумекова Р. Б. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. История Казахстана в арабских источниках. Т. 2. - Алматы, 2010.

**Резюме.** В научной статье автора широко представлено ценные данные раннесредневековья о народах Казахстана, написанные учеными и историками на арабском языке.

**Summary.** The author's scientific article widely presents early medieval valuable data on the peoples of Kazakhstan written by scholars and historians in Arabic.

